

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН
КЕЙІНГІ БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ

010000, Астана қ., Министрліктер үйі
тел: (7172) 74-24-08



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ВЫСШЕГО И
ПОСЛЕВУЗОВСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ

010000, г.Астана, дом Министерств
тел: (7172) 74-24-08

№ 03-2/71

«28» 01 2014 ж.

Жоғары оқу орындары ректорына
(тізім бойынша)

Әлемдік су бірлестігі атынан Халықаралық Су Ассоциациясы (IWA) 2014 жылғы 28 - 30 маусым аралығында Стамбул қаласында (Турция) болатын «Шығыс+Батыс» су секторының жас мамандарының 6-шы Шығыс-Еуропалық конференциясын өткізбек және ТМД елдерінің жас және тәжірибелі мамандарына арналған арнайы IWA бағдарламасына қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Технологияларды коммерциаландыру орталығы» ЖШС конференцияны Ұйымдастыру комитетінің қосарлас төрағасы болып табылады.

Конференция тақырыбы:

• Табиғи және ағынды суларды тазартудың заманауи технологиялары;

- Тұнбаларды қайта өңдеудің заманауи технологиялары;
- Суды айналымда пайдалану, жасыл энергия;
- Табиғи су ресурстарын басқару;
- Су саласындағы нормалар мен стандарттар;
- Су секторына қатысты басқа да өзекті тақырыптар.

Конференцияны ұйымдастыру мәселелерінің негізгі күндері:

Басылымның қысқаша нұсқасын тапсыру (абстрактілер): 2014 жылғы 1 ақпанға дейін.

Басылымды қабылдау туралы хабарландыру: 2014 жылғы 1 наурызға дейін.

Басылымның толық нұсқасын тапсыру 2014 жылғы 1 сәуірге дейін.

Тіркеу: 2014 жылғы 1 сәуірге дейін.

Конференция баяндамалары әрдайым жоғары ғылыми сатыда. Онымен қоса ағылшын тілінде жазылған **басылымдар** қосымша рецензиялаудан өтеді және **ИВА (дәйексөздер алу халақаралық жүйесі журналдары) журналдарында** жарияланады. Орыс тілінде жазылған **басылымдар** ТМД-ның ғылыми басылымдары дәйексөз алатын редакторлардың рецензиялауынан өтеді (**ВАК журналы**).

Тіркеулік төлем:

ТМД елдерінің қатысушылары:	Басқа елдердің қатысушылары:
IWA мүшелері – 100 евро;	IWA мүшелері – 200 евро;
IWA мүшесіне кірмейтіндер – 130 евро.	IWA мүшесіне кірмейтіндер – 250 евро.

Ең таңдаулы ағылшын тілінде жазылған басылымдар Water Science and Technology және Water Science and Technology: Water Supply журналдарында IWA жариялануы мүмкін.

Осы конференция барысында Қазақстан өкілі, яғни «Технологияларды коммерциаландыру орталығы» ЖШС «Технологияларды коммерциаландыру» тақырыбында бөлек семинар жүргізу жүктелді.

Конференция бойынша барлық қажетті ақпарат «Технологияларды коммерциаландыру орталығы» ЖШС-ның www.cest.kz немесе ұйымдастырушылардың www.iwahq.org сайттарында.

Директор



Ф. Жакыпова

Орынд.: Нұржанов Т.Б.
тел.74-21-02